

**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ
«ФӨТ» ФАКУЛЬТЕТІ**



«ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ» КАФЕДРАСЫ

«ҚАЗАҚ ТІЛ» ПӘНІ



АЛМАТЫ 2016-2017

Орындған:Таласбай Қ.С.

Оқытушы: Дәркенбаева Г. Қ.

Мемлекеттік тіл медицина саласында

Жоспар

- Тілдің атқаратын рөлі
- Қазақ тілінің ерекшелігі
- Дана сөздер
- Мемлекеттік тіліміздің болашағы
- Қазақ тілі медицина саласында
- Туындаған мәселелер
- Қорытынды

Тіл-ұлы игілік, ұлттың ең маңызды және негізгі белгісі.

Тілдің атқаратын рөлі:

- адамзаттың дамуына және қалыптасуына себеп болғаны
- адамзатты түсіністік пен тату тәтті өмір сүруге алып келеді
- рухани құндылықтың негізі
- ұлт болмысының көрінісі
- ұлттық ой-сананың өлшемі
- қарым қатынастың басты құралы
- адамның ойын білдіруге көмектеседі

- Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Өзінің басын қыпшақ тұсындағы жазулардан алады. Қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашғы ондықтар қатарында тұр.




- Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ.
- Тәрбие басы – тіл (Махмұд Қашқари)
- Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш.(Халел Досмұхаммедұлы)
- "Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті", "Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары — қазақ тілі".(Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы)
- Ана тілін ананың баласындай сүй.(Ғабиден Мұстафин)
- Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.(Нұрсұлтан Назарбаев)

- 1989 жылы заң арқылы қазақ тілі ұлттық мәртебесіне ие болды. Осы мәртебе 31 тамызда 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясымен расталды.


Мемлекеттік тіліміздің болашағы жастарымыздың қолында. Дамуы мен өркендеуі біздің басты мақсатымыз болып табылады. Әрбір қазақ азаматы өз тілін біліп құрметтесе, Қазақстанда тұратын 100 астам ұлт өкілдері мемлекеттік тілді білетін болады. Әрине өзге тіліді біліп, ол тілде сөйлеуі жастардың қазіргі заманға сай екенін көрсетеді. Бірақ туған тілін білмесе ол масқара болғаны. Сол себепті, ата бабамыз жүрегі мен алақанында бізге жеткізген тілін жерге таптамайық. Еліміздің және тіліміздің болашағына қарай бір қадам алға басайық. Әлем танылған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.



Жоғарғы оқу орындарында, ауруханаларда мемлекеттік тілді енгізу, оны біріздендіру бүгінгі таңда өте қажетті және өзекті мәселе. Әлбетте, шынын айту керек, медицинаға мемлекеттік тілді енгізу өте күрделі, қиындығы мол жұмыс және ол қысқа уақыт аралығында іске асатын іс-шара емес. Сол себептен бұл істе жылдамдылық білдіру теріс және зиянды әсерлерін көрсетуі әбден ықтимал. Тарихқа жүгінетін болсақ, талай ғасыр бұрын ауру адамды емдеу жолында римляндар мен гректер медициналық терминдерді, аурулардың атын енгізген болатын. Осы негізде медициналық қоғамға кеңінен тараған және бүгінгі таңға дейін күшін жоймаған халықаралық медициналық тіл (терминология, аурулардың аттары т.б.) қалыптасты.



Қазақ тілі мемлекеттік тіл статусын алғаннан бері еліміздегі медициналық әр университеттер мен академиялар, колледж ғалымдары жеке немесе коллективті түрде әртүрлі сөздіктер мен терминология жинақтарын шығара бастады.



Қай сала болмасын мемлекеттік тілді енгізу барысында көптеген белгісіз қырлар мен шешілмеген сырлар анықталады. Медицина саласында олар ерекше байқалады.

Дисциплина «Қазақ тілі» Даркенбаева Р.Қ

Өздеріңізге белгілі, бір оқулық, сөздік немесе оқу-әдістемелік құралдарда құрт тәрізді өсіндіні «өскін», алоның қабынуын «соқыр ішек»,енді біреуінде «жіті аппендицит», ал үшіншісінде «жедел аппендицит»деп келтіріледі. Ал енді өт қуығын бір авторлар «қап», екіншілері «қалта», «қалташық» деп атайды. Бұндай әртүрлі атау оқырмандар, әсіресе студенттер үшін өте қолайсыз. Осындай мысалдарды шексіз келтіруге болады. Ал енді кейбір оқулықтарда ветеринарлық терминдер (бүйен, жемсау, талақ, көтеншек), немесе қалың қара қазақия,жабайы сөздер қолданылады. Менің түсінігімше өзара әңгімеде қолданылатын сөздер мен

медициналық оқу құралдары, ғылыми мақалалар, монографияларда жазылатын әдеби сөздерде айырмашылық болу керек. Мысалы біз, дәрігерлер, ауру адам клиникадан шыққандағы құжаттарға остеохондроз, зоб т.б орнына шорбуын, жемсау немесе сүле деген сөздерді қолдансақ, ол құжаттардың мәтіні басқа аймақтарда (шет елдерде) түсініксіз болуы мүмкін.

- Мысалы, гипоксия, гипертензия терминдерін қалай қазақша дыбыстау керек, осы сөздің құрамындағы «и» әрпінің дыбысталуы қазақ тілінің заңдылығына сай екі түрлі дыбыстала алады:

а) «и» [ый], қазақ тілі фонетика оқулықтарында бұл мына сөздердің құрамында келеді, тиын [тыйын], қиын [қыйын];

ә) «и» [ій], мысалы тиін [тійін], киін [кійін]

Оның үстіне қазақ тілінде к, г тек жіңішке дауысты дыбыстармен (көз, гүл), қ,ғ жуан дауысты дыбыстармен (қас, қағаз) келеді. Осы ережелерге сүйенсек, жоғарыдағы терминдер құрамында келетін осы дыбыстардың қайсысының таңбасы дұрыс? [гійпөгсійә] ма, [ғыйпоқсыйа] ма? Бұл қиындықтарды болдырмаудың бірден-бір жолы, біздіңше, оларға дәл аударма табу не сол күйінде пайдалану.

- Медицина терминдерінің қалыптасуында терминжасамның барлық тәсілдері қолданылады. Дегенмен, жалпыхалықтық тілдің сөздің құрамында көпмағыналылық, си-нонимдес атаулар көп, олар термин таңдауда өз ықпалын тигізіп отырады. Мысалы, туберкулез атауының қазақ тіліндегі баламасы, жалпыхалықтық тілде көкірек ауру, құрт ауру, көксау, өкпе ауруы, көкірек бұзылуы, көкірек құрты болса, радикулит – бел ауруы, құян, шойырылма, зуд – ашу, қышыма, қышып дуылдау, т.б.
- Осы мысалдың өзі қазақ тілінің сөздік қоры медицина тілін қазақшалауға толық мүмкіндік бере алатындығын көрсетеді. Тек оны өз мағынасында, ғылыми мәнге ие болатындай мүмкіндік беретін тілдік ортаға бейімдеу керек. Термин ретінде бекітіп, қолданысқа енгізу керек.

Менің ойымша, Республика көлемінде медициналық университет, академия аралық медициналық тілге байланысты орталық ұжым құрып, оған білікті және белгілі ғалымдар, филологтер кірулері керек сияқты. Одан соң баспадан шығатын туындыларда тек сол ұжым отырыстарында бекіткен терминдер қолданылуы қажет. Өкінішке орай, еліміздегі оқу орындары қазіргі кезде арнайы әдебиет көздерінің сапасынан гөрі, санына көп көңіл бөлеміз. Осыған орай, медициналық оқулықтарды, арнайы әдебиеттерді, терминдерді жөнге келтіру үшін, әрине, аталмыш ұжымның беделі өте жоғары болып, оның үкімін барлық медициналық мекемелер ұстануы қажет. Қорыта айтқанда, медицинадағы қазақ тілінің бай сөздік қорынан керек сөздерді тауып, оларды ғылыми айналымға енгізу – бүгінгі уақыттың қажеттілігі болып отыр.

ҚОЛДАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- <http://k-lang.besaba.com/content/қазақ-тілі---мемлекеттік-тіл>
 - [http://yandex.kz/clck/jsredir?from=yandex.kz%](http://yandex.kz/clck/jsredir?from=yandex.kz%0)
 - http://www.inform.kz/kz/elbasy-medicina-salasyndagy-ka-zakstandyk-galymdardyn-zhetistigi-batystyn-zhetistikteri-men-para-par_a2849939
-

Назарларыңызға
рахмет!